

**Маңғыстау облысының білім басқармасы
Облыстық балалар мен жасөспірімдер
туризмінің орталығы**



**«МЕКТЕП ТУРИЗМІН ДАМУДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР»
ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАРЫНЫҢ
«ТУРИСТІК ДАҒДЫ БОЙЫНША ДАЛАЛЫҚ ТҰРАҚТЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ»
ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҒЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Жауапты : М.Қ. Тегісбай
Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының
туризм-өлкетану бөлімінің нұсқаушысы
тел: 8(747)592-4107



**1.«Туристік дағды бойынша далалық тұрақты ұйымдастыру»
практикалық сабағының таныстырылымы.**

**2. Сақтандыру белдіктерін репшнурмен (2,5 м) астыңғы және
үстіңгі бөліктерін біріктіре тік байлау. Нәтижесінде пайда болған
«мұртшаларға» сегіздік түйінін байлап, карабиндер бекіту.**

**Керекті құрал жабдықтар: сақтандыру белдіктерінің астыңғы
және үстіңгі бөліктері , репшнур (2,5 м), карабин (3 шт).**

**3. Аспалы өткел (навесная переправа) кезеңі - екі нүктеге
тартылған арқан бойымен сақтандыру белдігіне бекітілген
карабин арқылы сырғып өту.
(өзен, батпақтардан өтуге арналған кезең)**

**Керекті құрал-жабдықтар: арқан (50 м), сақтандыру арқаны
(40 м), сақтандыру белдігі, карабин (12 шт), каска, қолғаптар.**

**4. Параллельді өткел кезеңі - параллельді байланған
арқандардың үстімен сақтандырғыш арқан арқылы аяқты
сырғытып өту.
(өзен, батпақтардан өтуге арналған кезең)**

**Керекті құрал-жабдықтар: арқан - 2 дана (50 м), сақтандыру
арқаны (40 м), сақтандыру белдігі, карабин (20шт), каска,
қолғаптар.**

**5. Жұмармен өрмелеу (спуск-подъем) кезеңі - биіктікке шығуға
арналған құралмен (жұмар) жоғарыға көтеріліп, дюльферді
қолдана төменге түсу.
(биік тау, жартастарға шығуға арналған кезең)**

**Керекті құрал-жабдықтар: сақтандыру белдігі, карабин
(20шт), жұмар, дюльфер, каска, қолғаптар.**

**6. Қаз қатар қадамдау (гусиный шаг) кезеңі - арқанмен
бекітілген ағаштардың үстіне қаз қатар тұрып қадамдау.
(батпақтардан өтуге арналған кезең)**

Керекті құрал-жабдықтар: сақтандыру белдіктері, карабиндер.